

в пункте 2:
абзац 3 исключить.

2. Председателю Правления акционерного общества «Национальный научный медицинский центр» в течение десяти календарных дней со дня подписания настоящего приказа обеспечить перечисление в доход республиканского бюджета чистого дохода, в полном объеме.

3. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на Департамент государственных закупок и активов Министерства здравоохранения и социального развития Республики Казахстан.

4. Настоящий приказ является решением единственного акционера акционерного общества «Национальный научный медицинский центр» и вступает в силу со дня подписания.

Министр здравоохранения
и социального развития
Республики Казахстан



Дуйсенова

Т. Дуйсенова



БҰЙРЫҚ

15 қыркүйек 2015 ж.

ПРИКАЗ

№ 722

Астана қаласы

10900 Астана

**«Ұлттық ғылыми медициналық орталық»
акционерлік қоғамының 2014 жылғы
жылдық қаржы есептілігін бекіту
және таза табысын бөлу туралы»
Қазақстан Республикасы Денсаулық
сақтау және әлеуметтік даму министрінің
2015 жылғы 30 маусымдағы № 550
бұйрығына өзгерістер мен толықтыру
енгізу туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабына және 36-бабының 1-тармағының 8) тармақшасына, «Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер мен ұйымдардағы қатысудың мемлекеттік үлестеріне кірістер туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 26 шілдедегі № 633 қаулысының 3-тармағына, «Ұлттық ғылыми медициналық орталық» акционерлік қоғамы Жарғысының 38-тармағының 12) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Ұлттық ғылыми медициналық орталық» акционерлік қоғамының 2014 жылғы жылдық қаржы есептілігін бекіту және таза табысын бөлу туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 маусымдағы № 550 бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1-тармақта:

2) тармақша алынып тасталсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) 2014 жылдың қорытындысы бойынша «Ұлттық ғылыми медициналық орталық» акционерлік қоғамының бір жай акциясының есебіне 0,06 дивидендтің мөлшері бекітілсін.»;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. 2014 жылдың қорытындысы бойынша алынған «Ұлттық ғылыми медициналық орталық» акционерлік қоғамының 828 948 теңге 91 тиын (сегіз жүз жиырма сегіз мың тоғыз жүз қырық сегіз теңге тоқсан бір тиын)

сомасындағы 100 % мөлшеріндегі таза табысы, «Ұлттық ғылыми медициналық орталық» акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетіне дивиденд төлеуге республикалық бюджеттің кірісіне жіберілсін.»;

2-тармақта:

3-абзац алынып тасталсын.

2. «Ұлттық ғылыми медициналық орталық» акционерлік қоғамы Басқармасының төрағасы осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік он күннің ішінде таза табысты толық көлемде республикалық бюджет кірісіне аударуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Мемлекеттік сатып алу және активтер департаментіне жүктелсін.

4. Осы бұйрық «Ұлттық ғылыми медициналық орталық» акционерлік қоғамының жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрі



Т. Дүйсенова

Т. Дүйсенова